



Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімі № 28 мектеп-
гимназиясы»КММ

Математика, информатика, физика пәндер бірлестігінің онкүндігі



2022-2023оқу жылы

БЕКІТЕМІН:
 №28 мектеп-гимназиясының
 директоры
 Казиева А.А.

« ____ » _____ 2023ж

Математика, информатика, физика әдістемелік бірлестігінің апталығы

№	Өтетін уақыты	Іс-шара атауы	Қатысушылар	Жауапты
1	16.01.2023	Ұйымдастыру күні	5-11 сынып оқушылары	Әб мүшелері
2	16.01.2023	Онкүндіктің ашылу салтанаты	5-11 сынып оқушылары	Әб мүшелері Шажабаева Ж.С Серикова М.А. Нарчаев К.К.
3	16.01.	Ашық сабақтар		
	6 сабақ 305 кабинет	Практикум . файлдармен жұмыс	7«А»	Шажабаева Ж.С
4	18.01.	Ашық сабақтар		
2 сабақ 311 кабинет		Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыш синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің мәндері	9 «А »	Шулгауова С.Ж.
5	19. 01	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары	8 «А»	Нарчаев К.К
2сабақ 311 сабақ				
5	20.01.2023	Ашық сабақтар		
		Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6 «Ә»	Әбіш Н.Н.
4	24.01	Ашық сабақтар		
2 сабақ 311 каб		Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	5 «Ә»	Серикова М.А.
5	24.01	Ашық сабақтар		
4сабақ 303кабинет		Сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы	7 «Ә»	Сарымсақов А.Б.
	17.01	Сыныптан тыс іс-шара		

14.00-14.45		«Кім жылдам» көңілді старт ойыны	7 сыныптар Әр бірлестіктер 1 мұғалімнен	Серикова М.А. Әбіш Н.Н.
6	19.01	Сыныптан тыс іс-шара		
	10.00-12.00	Олимпиада	5-8сыныптар	Серикова М.А. Әбіш Н.Н. Шулгауова С.Қ
	14.00-14.45	«Дарындылар дарасы»	9-10-11 сынып	Шажабаева Ж.С. Ахатов А.Г.
		Сыныптан тыс іс-шара		
	23.01 13.10-14.00	«Вертуалдық квест»	8 сыныптар	Сарымсақов А.Б. Нарчаев К.К.
	25.01	"Lesson Study" сабақты зерттеу әдісі	Мұғалімдер ұжымы	Шулгауова С.Қ.
	26.01 АКТ ЗАЛЫ	Жабылуы	5-11 сынып оқушылары	Сарымсақов А.Б. Шулгауова С.Қ. Әбіш Н.Н.

1. Информатика пәнінен 7«А» сыныбымен өткізілген ашық сабақ . Тақырыбы:

«Практикум. файлдармен жұмыс» - мұғалімі Шажабаева Ж.С

Бөлімі:	4-бөлім. «Python тіліндегі алгоритмдерді программалау»
Педагогтің аты-жөні:	Шажабаева Жанар Сауытовна
Күні:	16.01.2023ж
Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	4.2. Практикум. Файлдармен жұмыс
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	7.3.3.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушы үшін: файлды жасау және ашу жолдарымен танысады. Оқушылардың көбі үшін: Python программалау тілінде файлдардың екі типін қарастырады. Кейбір оқушылар үшін: Python программалау тілінде деректерді файлдан оқу және жазуды жүзеге асырады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/У ақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
----------------------------	-----------------------	---------------------	---------	---------------

Сабақтың басы 4 мин.	Ұйымдастыру кезеңі 1. Сәлемдесу. 2. Оқушыларды түгелдеу. 3. Психологиялық жағымды ахуал орнату.	4. Топтастыру. «Үштікке саналу» әдісі арқылы 3 топқа бірігеді. I, II, III топтар. 5. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, критерийлерімен таныстыру. «Мозайка» әдісі арқылы үш топқа кима қағаздар беріледі. Топ мүшелері қағаз қиындыларын құрастырып, I топ – сабақтың тақырыбын, II топ – сабақтың мақсатын, III топ – сабақтың критерийлерін жариялайды.	Бағалау Топтар бір-бірін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды	Қағаз қиындылары 
3мин	Миға шабуыл әдісі Алдыңғы білім мен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында төменде берілген сұрақтарға жауап береді.	✓ Python-да программалау қалай жұмыс істейді? (Python-да программалау кезінде ЕНГІЗУ (INPUT) және шығару OUTPUT 2терезе арқылы жұмыс істейді) ✓ Программаны орындау кезінде айнымалылардың мәндерін енгізудің тағы қандай әдістерін білесің? Программа жазу барысында айнымалыны енгізуге болады. Немесе шығару терезесінде пернетақтадан енгіземіз.		7-сынып оқулығы.

		✓ Программаның деректерді файлдан оқу арқылы өңдеуінің қандай тиімді жақтары бар деп ойлайсың? <i>Кең көлемдегі мәліметтерді программаға енгізбей файлдан оқу мүмкіндігі</i>		
 10мин	Жаңа сабаққа кіріспе Оқушыларға жаңа білім бөлімі бойынша мұғалімнің түсіндіру кіріспе сөзі жүргізіледі. Толығырақ ақпарат алу үшін оқулықтағы ақпараттарды оқуға, жазып алуға бағытталады.	(Ұ) Сөздікпен жұмыс «Түртіп алу» әдісі Кітаптың 134-135 беттегі қарамен азылған сөзердің ережесін жазып алу.		7-сынып оқулығы.
Сабақтың ортасы 3 мин. 	Талдау Оқулықты оқып біткен соң, топтар арасында топтық жұмыс жүргізіледі. 1-тапсырманың алгоритмдік картасына сәйкес жазғандар. 2-тапсырманың алгоритмдік картасына сәйкес жазғандар. Мақсаты: жаңа сабақ бөліміндегі оқыған ақпараттарын топтық талқылау барысында тереңірек түсінеді.	1.Файл дегеніміз не? 2.Файлдың қандай типі бар? 3.Файлды ашу қандай әдіспен іске асырылады?	«Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.	7-сынып оқулығы. 
 7мин	Жинақтау Файлға жазу және оқу әдістерін пайдаланып қарапайым бір тапсырманың мәтінін	1 топ: 1.1-тапсырманы орындайды. Qr-арқылы код жазады. f=open ('TIZIM.txt', 'r') h= open ('output.txt', 'w')	Дескриптор: 1. Жұмыс үстелінен папка құра алады.	


	құрап ұсынындар. Тапсырма құрастыруда Open() функциясының жұмыс режимдерін пайдаланындар	s=f.readline () print (s) h.write (str (r)) f.close() h.close() II топ: 1.2- тапсырманы топ болып орындайды. . Qr- арқылы код жазады. III топ: 1.3- тапсырманы топ болып орындайды. . Qr- арқылы код жазады.	2. Папкаға блокнот арқылы мәлімет жазады. 3. Питонда программасын жаза алады. «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.	
 10мин	Дербес жұмыс. апсырма: Жұмыс үстелінен 7А-папкасын құр. Ішіне текстовой файлын ашып белгілі бір ...ден сақтайды. 3. Тексттік файылға екі сан жазып есептейді 4. Phython-да осыны ашатын программа құр. Мақсаты: Файлдармен жұмыс жасаудың маңыздылығын бағалайды.		1. Жұмыс үстелінен папка құра алады. 2. Папкаға блокнот арқылы мәлімет жазады. 3. Питонда программасын жаза алады. Бағалау: Оқушы өзін-өзі «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды.	
Сабақт ың соңы 5 мин.	Сабақты бекіту Ақиқат және жалған сұраққа жауап арқылы жүреді.	1. Write() және print() командаларын қолдануда қандай айырмашылық бар? Себебін түсіндір. 2. Read() және Input() командаларын қолдануда қандай айырмашылық бар? Себебін түсіндір. 3. Файлды жазу үшін ашқанда міндетті	Мақсаты: Сабақты бекіту. Бағалау: Мұғалімнің қорытынды бағалауы. «Қошеметтеу» әдісі арқылы жүзеге асырылады.	

		түрде close() командасын қоюдың себебі неде? 4. Деректерді пернетақта арқылы енгізу мен файлдан енгізуді программалық тұрғыдан орындауда қандай айырмашылықтарды көрсете аласың?		
Рефлексия 3мин	Classroomscreen-платформасы арқылы жүреді.	Балалар ұялы телефонға жіберілген ссылака арқылы сұраққа жауап береді.		
	Үй тапсырмасы 147 беттегі 2 тапсырма. Дәптерге қолмен жазып келеміз			

2.Алгебра пәнінен 9 «А» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: **«Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыш синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің мәндері»**- мұғалімі Шулгауова С.Ж.

Бөлім	9.3А Тригонометрия	
Педагогтің аты-жөні:	Шулгауова С.Ж.	
Күні:		
Сыныбы: 9	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыш синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің мәндері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	9.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары ($\cos\alpha$, $\sin\alpha$) мен тригонометриялық функциялардың $\sin\alpha$, $\cos\alpha$ өзара байланысын білу	
Сабақ мақсаты	бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары ($\cos$, $\sin\alpha$) арқылы кез-келген бұрыштың мәнін табу білімдерін жетілдіру $\sin\alpha$, $\cos\alpha$	

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 мин	- Ұйымдастыру Оқушылармен амандасу, сынып оқушыларын түгендеу. Үй тапсырмасын тексеру Топқа бөлу: Градустар жазылған қима қағаздар арқылы топтарға бөлініп отырады; I топ – I ширек II топ – II ширек III топ – III ширек IV топ – IV ширек Топтар топ ережесін сақтайды, өз қалаулары бойынша топ ішінен топ басшы сайлайды, топ басшы топ мүшелерінің сабаққа белсенді қатысуын қадағалайды. Мұғалім топ ережелерімен таныстырады және оқушыларға бағалау парағын ұсынады	Амандасады «Мен саған, сен маған» арқылы оқушылар бір-бірінің үй тапсырмасын тексереді топқа бөлінеді	Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: <i>«Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»</i>	қима қағаздар
Сабақтың ортасы Мига шабуыл. «Ой қозғау» әдісі.		Оқушылар өз ойларын дәлелдейді	Өзара бағалау	слайд

5 мин. Математикалық лото 5 мин Топтық жұмыс 20 мин	Оқушыларға сандар жазылған қима қағаздары ұсынылады. Топтарға тапсырма ұсынылады $2tg30^0ctg30^0cos30^0sin30^0$ $\sqrt{\frac{3}{4} + 230^0} + \sqrt{\frac{5}{4} - 3}$ $\sqrt{tg^2\frac{\pi}{3} - sin^2\frac{3\pi}{4}} + 45$	жазылған санды тригонометриялық кестедегі ұяшыққа дұрыс орналастырады Тапсырманы бірігіп орындайды. Кейін джигсо әдісі арқылы бір-бірлеріне түсіндіреді	Бірін-бірі бағалау	слайд
Сабактың соңы. Ой толғаныс. Рефлексия 5 мин.	Үй тапысрмасын беру №20.18		Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігіне, бағалау парағының көмегі арқылы бірін-бірі бағалайды.	

3. Геометрия пәнінен 8 «А» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: «Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары»- мұғалімі Нарчаев К.К

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Аудан	
Күні:	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Нарчаев К.К
Сынып: 8	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы 36	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу максаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.1.3.11 параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану;
Сабақтың мақсаты	параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын есеп шығаруда қолдану. параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын салыстыру. параллелограммның, ромбтың ауданы формулаларын тұжырымдау.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Оқушылармен амандасу Топқа бөліну. Жағымды психологиялық ахуал тудыру (Блоб көпірі әдісі) Үй тапсырмасын тексеру: «Ия немесе жоқ» әдісі. Өтілген тақырып бойынша сұрақтар топ мүшелеріне қойылады.	Топқа бөліну. «Қағаз қиындылары» әдісі арқылы (параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, квадрат) топқа бөлу. «Сынып көмегі» әдісі арқылы кез-келген оқушыдан сұралады. Есепті шығара білмеген, не түсінбеген оқушы өзіне «көмекші» таңдау арқылы түсінуге тырысады. Кез келген төртбұрыш параллелограмм бола ала ма? Кез келген параллелограмм төртбұрыш бола ала ма? Кез келген квадрат тік төртбұрыш бола ала ма? Кез келген тік төртбұрыш квадрат бола ала ма ? Кез келген ромб параллелограмм бола ала ма ? Кез келген параллелограмм ромб бола ала ма ? Диагональдары тең және өзара перпендикуляр төртбұрыш квадрат бола ала ма?	Оқушылардың белсенділігі ген байланысты бағаланады.	Презентация Түрлі түсті кима қағаздар  КРУГ  КВАДРАТ  ТРЕУГОЛЬНИК

Сабақтың ортасы 30-35	Топпен жұмыс 1-тапсырма Әр топ өзіне берілген фигураға анықтама береді және оның ауданын табу формуласын жазады 2-тапсырма. Жұппен жұмыс Берілген есептерді жұппен шешеді 3-тапсырма. Әр топ келесі топтың фигурасының ауданын табұға есеп құрастырады	1-топ тік төртбұрыш 2-топ квадрат 3-топ параллелограм 4-топ ромб 2-тапсырма. 1) Квадраттың ауданы 36 см^2 квадраттың ауданын табыңыз Параллелограмның табаны a, биіктігі h, ал ауданы S болсын. 2) $a = 15 \text{ см}$, $h = 12 \text{ см}$ деп, ауданын тап. 3) $S = 34 \text{ см}^2$, $h = 8,5 \text{ см}$ деп, a-ны тап. 4) Параллелограмның сыбайлас қабырғалары 12 см-ге және 14 см-ге тең, ал оның сүйір бұрышы 30° -ка тең. Параллелограмның ауданын тап. Дескриптор: 1) Аудан формулаларын қолданады 2) Биіктікті есептейді; 3) Фигураның қабырғасын табады; 4) Қандай фигура екенін анықтайды. 3-тапсырма. 1-топ квадрат ауданына 2-топ параллелограм ауданына 3-топ ромб ауданына 4-топ тік төртбұрыш ауданына Дескриптор: 5) Аудан формулаларын қолданады 6) Биіктікті есептейді; 7) Фигураның қабырғасын табады; 8) Қандай фигура екенін анықтайды.	Оқушылардың белсенділіген байланысты бағаланады.	
-------------------------------------	--	--	---	--

Сабақтың аяғы 5 мин	Рефлексия Блоб әдісі Үй жұмысын беру	Блоб әдісі Кітаптан 14 есеп		
-------------------------------	--	--------------------------------	--	--

4. Математика пәнінен 6 «Ә» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: «Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу»- мұғалімі Әбіш Н.Н.

	Мектеп:			
Күні: 20.01.2023	Мұғалімнің аты-жөні: Әбіш Н.Н.			
Сынып: 6 «ә»	Қатысқан оқушы саны:		Қатыспаған оқушы саны:	
Сабақтың тақырыбы	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеуге есептер шығару			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	6.2.2.4 $ x \pm a = b$ түріндегі теңдеулерді шешу, мұндағы а және b – рационал сандар;			
Сабақтың мақсаты:	$ x \pm a = b$ түріндегі теңдеулерді шешу тәсілдерін біледі. Модуль таңбасы бар теңдеулердің түбірлерін анықтайды, сызықтық теңдеуді шешеді. Берілген шаманың негізінде модульді теңдеулерді шешеді, оны дәлелдейді.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс тар
Басы 5 минут	Ұйымдастыру сәті . <i>Психологиялық атмосфера орнату</i> <i>Үй тапсырмасын тексеру</i> Сыныпты топтарға бөлу. Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады. 1-топ «Сары кәмпиттер» - оң сандар	Оқушылардың көңіл күйлерін біліп, психологиялық ахуал тудыру. <i>Оқушылар конфеттерді таңдап алады сол арқылы топқа бөлінеді</i>		

	2-топ «Көк кәмпиттер» - теріс сандар 3-топ «Қызыл кәмпиттер» карама –қарсы сандар.			
Негізгі бөлім 10 мин	«Тарсия» әдісі. Топтық жұмыс. Сұрақтар мен жауаптар екі жаққа жазылады. Қағаздардағы сұрақтарға жауаптарды іздеп бір-біріне жалғайды. Соңында бір фигура шығады.	Оқушылар қағаздардағы сұрақтарға жауаптарды іздеп бір-біріне жалғайды. Дескриптор: <i>Білім алушы</i> - түрлендірулерді орындайды; - сызықты теңдеулерге көшеді; - сызықтық теңдеулерді шешеді; - теңдеу түбірлерінің санын табады; - есептің жауабын негіздейді		Интер активті тақта
Оқулықпен жұмыс 25 минут	«Х пен 0» әдісі. Жұппен жұмыс <i>Берілген теңдеулерді жұппен шешіп, тақтада тұрған кестеге тиісті белгісін қояды.</i> $\frac{5}{7} x + 2\frac{1}{7} = 3\frac{3}{28}$ $5\frac{1}{6} + \frac{4}{15} x = -\frac{2}{5} x$ $\frac{4}{7} x - \frac{4}{7} = \frac{2}{7} + x$	Дескриптор: <i>Білім алушы</i> - түрлендірулерді орындайды; - сызықты теңдеулерге көшеді;	Мұғалім ұйымд астыру кезеңі	Жұппе н жұмыс

	4. $4\frac{5}{9} - \frac{1}{6} x = 5 +$ 5. $5 x -$ $7\frac{1}{2} = 4\frac{2}{3} x - 8\frac{3}{14}$ 6. $1\frac{7}{9} x - 1\frac{1}{9} = 4\frac{2}{9}$ 7. $3 -$ $\frac{2}{9} x + \frac{1}{6} = \frac{1}{3} x +$ 8. $\frac{5}{12} x - \frac{5}{4} - \frac{1}{3} x -$ 9. $2 x - 3 x + \frac{3}{2} = \frac{9}{5}$ 10. $5 x -$ $\frac{7}{12} = 18 x + \frac{4}{15}$ Жеке жұмыс "Білімді көрсет" әдісімен оқушылар жекелеп тақтаға деңгейлік есептерді шығарады. 1. $2,6 x -$ $0,6 x - 1,8 = -0,5(-2 x$ $+ 6)$ 2. $1,2 x - 0,5(4 x - 1) = -$ $0,7(x - 2)$ 3. $0,6(-2 x + 3) - 0,4(9 -$ $x) = -0,3(x - 9)$	- сызықтық тендеулерді шешеді; - тендеу түбірлерінің санын табады; - есептің жауабын негіздейді Жұмыс дәптеріне тапсырмаларын орындау Дескриптор: <i>Білі</i> <i>м алушы</i> - Ортақ бөлімге келтіре алады - Жақшаларды аша алады; - Айнымалыны сол жақа, бос мүшені оң жақа жинақтай алады; - Тендеудің түбірін таба алады	нде белсен ділік танытқ ан оқушы ларды «Мада қтау сөз» әдісі ар қылы бағала йды: «Жара йсың! Жақсы ! Өте жақсы ! <i>Талпы</i> <i>н!»</i>	Жеке жұмыс
Соңы 5 минут	Үй жұмысы: Бағалау Сабақ соңында рефлексия жүргіземіз. 1. Бүгінгі сабақта... білдім 2. ... қиындықтар туындады 3. ... әлі де жұмыс жасауым керек 4. ... маған қызық	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы		

	болды?	сабаққа қорытынды жасайды.		
--	--------	----------------------------------	--	--

5. Математика пәнінен 5«Ә» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы:
«**Ондық бөлшектерді жәй бөлшектерге айналдыру**»- мұғалімі Серикова М.А.

Бөлім:	Мәтінді есептер
Мектеп:	№28 мектеп-гимназия
Педагогтің аты-жөні:	Серикова Марзия Амантаевна
Пән:	Математика
Күні:	24.01.23ж
Сынып:	Қатысушылар саны: 24 Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдігін түсіну, 5.1.2.25 бөлшектерді бір жазылу түрінен басқа жазылу түріне ауыстыру.
Сабақтың мақсаты:	Білім алушылар ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырумен танысады. Білім алушылар ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыруды талдауды біледі. Білім алушылар ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыруды сипаттап бере алады.
Құндылықтарға баулу:	«Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы бойынша «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына баулу. Бұл арқылы оқушыларда шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауы, функционалдық сауаттылығы, қарым-қатынас жасау қабілеті мен жауапкершілігі артады. Сонымен қатар өмір бойы оқуға, еңбеу етуге, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке деген дағдысы қалыптасады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 7 мин.	(Ұ). Ұйымдастыру кезеңі: 1. Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Мақсаты: Оқушылар бір-біріне тілек білдіреді, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады, сондай-ақ барлық оқушылардың қатыстырылуы арқылы сабаққа белсенділігі артады.			Оқулық, жұмыс дәптері Кітап, дәптер, қалам суреттері бейнеленген кима қағаздар топтамасы ДК экраны

	Тиімділігі: Оқушылар бір-біріне тілек айту арқылы жақындасады, көңіл-күйін көтереді және бауырмалдығын оятады. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Жіктеу» тәсілі көрінеді. Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі беріледі.			
Есептер шығару	(Ұ) «Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау. Оқушыларға жалпылама төмендегі сұрақтар және жаттығу түрлері беріледі. Әр оқушы өз оймен бөліседі. Өзгенің пікірін толықтырады. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өзара ұжымдық талқылау жасағаннан кейін мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы, мақсатымен таныстырады.	1."Ондық бөлшек" дегеніміз не? 2. ."Жай бөлшек " дегеніміз не? 3.Жай бөлшектер нешеге бөлінеді ?	Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлануды дамыту. Тиімділігі: оқушының танымдық дағдысы артады. Сонымен қатар оқушыға сабақтың өмірмен байланысын көрсетеді және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Саралау: Бұл жерде саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілі көрінеді. Дұрыс мағынада жауап беруге бағыттау мақсатында кейбір оқушыларға ашық сұрақтар, ал кейбір көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар қойылады.	Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға <u>«Жарайсың!»</u> деген <u>малақтау сөзімен</u> ынталандыру.

Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 31 мин.	Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді	Оқулықты оқып танысып шығады. Тірек сөздермен танысып, өз дәптерлеріне жазып алады.	Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыруды сипаттап көрсетеді.	Тақырыпқа байланысты интернет көздерін пайдаланып бөліп шығару мүшелерімен танысады.
	1- тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	1-тапсырма 1.Ондық бөлшекті жай бөлшек түрінде жаз және салыстыр: 1,9 = ____ 1,90 = ____ 1,87 = ____ 1,95 = ____	Дескриптор: Жалпы - 4 балл 1. Ондық бөлшекті жай бөлшек түрінде жазады және салыстырады.	ДК экраны 5-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. Слайд.
	2- тапсырманы орындатады, бақылайды, мысал, үлгі көрсетеді.	2-тапсырма 1. Сандарды оқындар: а) 0,4; ә) 2,04; б) 0,41; в) 2,004 3-тапсырма. Ауызша орындау 4-тапсырма 1. Ондық бөлшекті анықтаңыздар а) 12,05 в) 28 с) 15 д) 25 2. 420,12 санының бүтін бөлігін табыңыздар а) 12 в) 42 с) 420 д) 28	Дескриптор: Жалпы - 3 балл 1. Өрнектеңіз: метрмен, тоннамен, килограммен өрнектейді.	ДК экраны 5-сынып оқулығы. Жұмыс дәптерлері. Слайд.

		3. 23,53 санының бөлшек бөлігін табыңыздар а) 23 в) 53 с)100 д) 52 4. ондық бөлшек түрінде жазыңыздар а) 0,421 в) 4,121 с) 4,21 д) 4,210 5. бөлшегіне тең бөлшекті анықтаңыздар а) 3,05 в) 3,5 с) 3 д) 2,05		
Сабақтың соңы Ой толғаныс. Рефлексия 7 мин.	Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. Мақсаты: Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады. Тиімділігі: Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды. Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсатына жеткізетін тапсырмалар орындауына қарай, өз түсінгенін, пікірін, өз ойын айту арқылы сабаққа қорытынды жасайды.	Мұғалім оқушыларды бағалайды. Яғни <i>«Дұрыс келісемін», «Толықтырамын, басқа көзқарасым бар», «Менің сұрағым бар».</i> Сонымен қатар <i>1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</i>	

Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?	Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».	«Мадақтау сөзі» әдісі	Денсаулық сақтау технологиялары. Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары орындалады.
Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірлеуді қамтиды.		

Жалпы бағалау

Сабақтың қандай екі аспектісі жақсы өтті? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақты жақсартуға не жәрдемдесер еді? Оқыту туралы да, сабақ беру туралы да ойланыңыз.

1:

2:

Сабақ кезінде, сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы мен нені анықтадым? Келесі сабақтарда неге назар аудару керек?

1:

2:

6. Физика пәнінен 7 «Ә» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы:

«Сұйықтар мен газығы қысым. Паскаль заңы»- мұғалімі Сарымсақов А.Б.

Білім беру ұйымының атауы	№28 мектеп-гимназиясы	
Пәні:	Физика	
Бөлім:	7.3А Қысым	
Педагогтің аты-жөні:	Сарымсақов Айымбек Батырғалиұлы	
Күні:	24.01.2023	
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:

Сабақтың тақырыбы:		Сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		7.3.1.4 – газ қысымын молекулалық құрылым негізінде түсіндіру; 7.3.1.5 – сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын шығару және оны есептер шығаруда қолдану		
Сабақтың мақсаты		Барлық оқушылар істей алады: Сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңының ұғымдарының теориялық негізгі мағынасын біледі. Көптеген оқушылар істей алады: сұйықтардағы гидростатикалық қысымның формуласын есептер шығаруда қолдана алады. Кейбір оқушылар істей алады: сұйықтардағы гидростатикалық қысымның қалай таралатынын біліп өмірмен байланыстыра алады.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау критерийлері	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Сабақтың басы Өткен білімді еске түсіру 10 минут	Оқушылармен сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. "Қоқыс жәшігі" әдісі Оқушылардың назарын сабаққа аудартып, қорқыныштарын жеңу үшін үй жұмысын тексермес бұрын сыныптағы психологиялық ахуалды реттеп алу керек. Ол үшін бір бет ақ қағазға оқушыларды мазалайтын сөздерді жазыдырып, мұғалім қоқыс жәшігіне салуды сұрайды. "Суреттер сөйлейді" әдісі (I):	Оқушылар сабаққа белсенді түрде ат салысады, өзгелердің пікірін құрметтейді. Оқушылар өздерін мазалап жүрген сөздерді жазады және қоқыс жәшігіне салады. Оқушылар бұл әдісте оқулықтан ізденіп, Сұрақтарға жауап береді. Тапсырманы орындап жатырған кезде неліктен, не үшін деген сұрақтарға жауап береді. Осы қабаттарда орналасқан физикалық шамалар	Дескриптор: - Суреттердегі іс-әрекеттерді түсіндіреді -Паскаль заңының физикалық мағынасын түсінеді Жалпы балл-2	Шимай қағаз, қоқыс жәшігі Суреттер 

Жаңа білім 10 минут	  Суреттерді қатты денелердегі қысым бойынша түсіндір. Пирамида әдісін (II) пайдалана отырып сұйықтардағы қысымның формуласын математикалық түрінде жазып шығару. Эксперименттік тапсырма (III): Сйықтар мен газдардағы қысымның бағытын түсіндіру үшін мұғалім бутылка мен суды пайдаланып демонстрация көрсетеді. Практикада қолдану үшін деңгейлік тапсырмалар беру. (IV) А-деңгей: Бізді қоршап тұрған ауа барлық денеге 100кПа қысым түсіретін болса , өлшемдері 60*80м болатын үстел бетіне	арқылы гидростатикалық қысымның формуласын математикалық түрлендіру арқылы шығарады Оқушылар тәжірибені бақылау арқылы сұйықтың қысымы қандай шамаларға тәуелді екенін түсінеді Оқушылар жұппен жұмыс жасап алған теориялық білімдерін практикада есеп шығаруда қолданады	Дескриптор: -Әр деңгейде орналасқан шамалардың физикалық мағынасын ашады -Кезекті параметрді сипаттай отырып,формуласын жазалады. -Математикалық түрлендіру арқылы соңғы нәтижені шығара алады. Жалпы балл-3 Дескриптор: - Есеп шарты бойынша шамалар физика тілінде дұрыс жазылған -Өлшем бірлік түрлендірілген, формула жазылған. -Жауабы сәйкес, толық өлшем бірлігімен	  Әр жұпқа сұрақтар жазылған қағаз. Барлығы 15
Бекіту 15 минут	Практикада қолдану үшін деңгейлік тапсырмалар беру. (IV) А-деңгей: Бізді қоршап тұрған ауа барлық денеге 100кПа қысым түсіретін болса , өлшемдері 60*80м болатын үстел бетіне	Оқушылар жеке жұмыс жасайды. Оқушылар осы сабақты қаншалықты түсінгендерін, өз ойларын қағазға жазып, бүгінгі сабақтан алған деңгейін Блоб ағашына жапсырады	Оқушылар жеке жұмыс жасайды. Оқушылар осы сабақты қаншалықты түсінгендерін, өз ойларын қағазға жазып, бүгінгі сабақтан алған деңгейін Блоб ағашына жапсырады	Оқушылар жеке жұмыс жасайды. Оқушылар осы сабақты қаншалықты түсінгендерін, өз ойларын қағазға жазып, бүгінгі сабақтан алған деңгейін Блоб ағашына жапсырады

Кері байланыс 5 минут Рефлексия 5 минут Үй тапсырмасы	кандай күш түсірер еді? В-деңгей: Мұнай толтырылған 4м тереңдікте, ауданы 30 м² шүмекті қысымы кандай?? С-деңгей: Цилиндр ыдысқа сынап, су және бензин құйылған Сұйықтардың көлемдері бірдей. Сұйық деңгейлерінің биіктігі 15см болса сұйықтардың түбіне түсіретін жалпы қысымы кандай? Тақырыпты бекіту үшін «Kahoot» қосымшасы арқылы тест тапсырмасын беру (V) «БЛОБ ағашы» бойынша рефлексияны жүргізу. МЕН ОСЫ САБАҚТА ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ БОЛДЫМ?  Деңгейлік тапсырма құрастыру		Жалпы балл-3 Дескриптор: -тест тапсырмаларына дұрыс жауап береді. Әр дұрыс үш сұраққа бір балл. Жалпы балл-2 Сабақтағы тапсырмалардың жалпы бағалау критерий-10 баллдық жүйемен бағаланады.	Әр оқушының ұялы телефоны Блоб ағашы 
--	---	--	---	--

	(3-5 сұрақ), жаттығу 4.2, сұйықтардағы қысымның таралуын есептеу			

Сыныптан тыс жұмыстар:

1. 7 сыныптар Әр бірлестіктер 1 мұғалім арасында «Кім жылдам» көңілді старт ойыны.. Жауапты: Серикова М.А.Әбіш Н.Н.

Тақырыбы: «Кім жылдам» көңілді старт ойыны.7-сынып.

Мақсаты:

- 1.Оқушылардың логикалық ой-өрісін дамыту, білім, білік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту
- 2.Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу, топпен жұмыс істей білуге баул у, ой өрісін кеңейту.
- 3.Оқушылардың алған білімдеріне сүйене отырып, олардың осы мәселе жөніндегі білімдерін естеріне қайта түсіру. Одан әрі дамыту бағытында түрлі сұрақтар беру арқылы ой өрісін дамыту және пәнге қызығушылығын арттыру.

1-Жүргізуші:

1.Құрметті ұстаздар,ата аналар,оқушылар, қонақтар! Бүгін ұстаздар,ата аналар,7 сыныптар арасында өткізілгелі отырған «Кім жылдам» көңілді старт атты математикалық спорттық сайысқа қош келдіңіздер!

Шынықсаң шымыр боларсың,
Сауығып айдай толасың
Спортты серік ете біл
Жақсы азамат боласың
Жеңімпаз болу оңай ма?
Арман болған талайға
Болмасаң да ұқсап бақ,
Жарысқа түсіп қалайда.
Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып, ешқашан да мойымайтын,
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық, қане, халқым!

Жарысқа қатысушы 7 сыныптар оқушыларына ду қол шапалақ соғып қояйық!

2- Жүргізуші:

Әділқазы,ақ қазыға бір сәлем!

Әділдікке бас иеді күллі әлем.

Жүйрік озар сайыстарда неше бір,

Сарапқа сап әділдікпен шеше біл.

Достықпенен бірлікті етіп тұлға,

Жеңіске жеткен едік талай сында.

Қарақылды қақ жарып әділқазым

Әділқазылар алқасымен таныстырамыз.

1. Мектеп директоры: Қазиева Айгуль Айтқожақызы

2. Математика пәнінің мұғалімі: Шулғауова Саламат Жанатовна

3. Дене шынықтыру бірлестігінің жетекшісі: Булегенова Марал Сериковна

Ойын барысында ескерілетін мәселелер: қауіпсіздік ережесін сақтау, команда құрамын түгел қатыстыру, әр ойынның қорытындысын айту, командалардың ұпайын есептеп, жеңген команданы анықтау, марапаттау.

1- Жүргізуші:

Бүгінгі ойынымыздың кезеңдері:

1.Сайысқа қатысушылармен жеке – жеке таныстыру.

2.Секіртпемен жүгіріп барып, логикалық сұрақтарға жауап жазу;

3.Допты жерге соға жүгіріп барып, жұмбақтар шешу

4. Кедергілерден жүгіріп өтіп, адасқан әріптерден математикалық термин сөздерді табу

5. Арқан тартыс

2- Жүргізуші:

I. Таңыстыру

1. «Алғырлар» тобы

Топтың ұраны: *«Жарыс десе жанамыз,*

Бүгінгі күн жарыста алғырлықпен аламыз»

2. «Жалын» тобы.

Топтың ұраны: *«Қандай сынақ болсадағы беріспе,*

Әрқашанда үміткерміз жеңіске.»

3. «Білгірлер» тобы

Топтың ұраны: *Сайыстан қалмаймыз, келеміз*

Жарыста өзгені жеңеміз

1- Жүргізуші:

II: «Секіртпемен жүгіру» эстафетасы

Ойынның шарты: ойын сайыскерлері қаппен секіріп белгіленген межеге жетіп сондағы әріптерді бір бірден алып келіп сөз құрастырады.

Жасырылған сөздер: бұрыш, нүкте, сәле.

III: «Кім жылдам» эстафетасы

Ойынның шарты: Әр топқа логикалық сұрақтар қойылады, сайыскерлер тез тез жауап беруі керек. Жауап бере алмаса « келесі» деп белгі беруі шарт.

I топқа:

1. Бір шоколадты 100 теңгеге сатып аламыз. 1,5 шоколадты неше теңгеге сатып алуға болады. (200)
2. 7 майшам жанып тұр, 4-уін сөндірсек неше майшам қалады?(3)
3. Алманың жартысы неге ұқсайды? (өзінің жартысына)
4. Үш сызықтан пайда болған фигура?(үшбұрыш)
5. Ашық ыдыстағы су неге азаяды? (буланады)
6. Бес жарым таяқтың неше ұшы бар?(12)
7. Бір сағаттың бір тәуліктен неше сағаты кем? (23 сағаты)
8. Теңізде қандай тастар табылмайды? (кұрғақ)
9. 2,4,6,8,10,12,14, бұл қандай сандар (жұп сандар)
10. Қай ыдыстан тамақ ішуге болмайды. (бос ыдыстан)

II топқа:

1. Сағаттың 4 -тен 1 бөлігі неше минут? (15 минут)
2. Дүйсенбіден кейін 3 күннен кейін қай күн келеді? (жұма)
3. Шеңбер сызуға арналған құрал (циркуль)
4. Үстелде 3 стакан сүт бар. Алмаз бір стакан сүтті ішіп қойды. Үстелде неше стакан бар? (3)
5. Нанды үш бөлікке бөлу үшін, нанды неше рет кесу керек? (2 рет)
6. Екі адам 4 сағат шахмат ойнады. Олардың әрқайсысы неше сағат ойнады? (4 сағат)
7. Қандай ыдыстарға су құйылмайды? (су толы ыдысқа)
8. Төртбұрыштың барлық қабырғаларының қосындысы (периметр)
9. Баспалдақ 15 басқыштан тұрады.Баспалдақтың ортасында тұру үшін нешінші басқышты басу керек? (8)
10. Ең кіші екі таңбалы сан. (10)

III топқа

1. Көк шарфты суға салса не болады? (су болады)
2. Төрт қойдың неше аяғы бар? (16 аяқ)
3. Мектепке келе жатқан 5 балаға қарсы жолда тағы 4 бала жолықты. Мектепке неше бала барды? (5 бала)

4. Термометр аяз болғасын – үш градус көрсетіп тұр. Осындай екі термометр неше градус көрсетеді? (- үш)
5. Допты лақтырғанда, доп сол ізімен кері қайту үшін оны қалай лақтыру керек? (жоғары)
6. Бөлмедегі әр бұрышта бір мысықтан және оған қарама-қарсы үш мысықтан отырса, бөлмеде неше мысық бар? (4 мысық)
7. Үстел үстінде үш стакан шиіе тұр. Марат бір стакан шиені жеп қойды. Неше стакан қалды? (үш стакан)
8. Қараңғы бөлмеде майшам мен керосин лампасы бар. Бірінші не жағасыз? (шырпы)
9. Көшеде екі әкесі, екі баласы, және атасы немересімен қыдырып жүр. Көшеде неше адам жүр? (үшеу)
10. Үш майшам жанып тұрды, екеуін сөндірісе нешеуі қалады? (2)

IV «Допты жерге соғу» эстафетасы

Ойынның шарты: сайыскерлер бір бірлеп мәреге жүгіріп келіп, сол жердегі берілген есепті жылдам шығарып, қайтадан бастықы орнына келіп, екінші оқушыны алып қайтадан екеуі мәреге жүгіріп, келесі есепті шығарып екеуі үшіншісін, жетелейді. Ойын барлық оқушылар қамтылғанша жалғасады.

1- Жүргізуші:

Уа халайық, халайық,
Бәріңе жар салайық
Бүгінгі жарыс төрінде
Математика елінде
Математика тілінде
Есеп шешіп жарысып
Жұмбақ шешіп аңдысып

Шабыт тасып шалқысып
Есеппен ән салысып
Көңілді жарыс жасайық
Жұмбақ шерді шашайық
Ат салысып аяңбай
Бар өнерге басайық

2-ойын. Допты жерге соға жүгіріп барып, жұмбақтар шешу;

1. Он бір түйе, бес жылқы,
Екі сиыр бес ешкі
Екі қоян, үш түлкі
Таба алмасаң бос күлкі. (28)
2. Бір - бірімен жарысқан
Төрт аю, бір арыстан,
Екі қой мен бір түлкі
Бәрі нешеу кім білді? (8)
3. Түйе, бота аң басқан
Төрт аяғын тең басқан
Шұнақ құлақ бес ешкі
Қос лақты қос ешкі

- Төрт қозылы екі қой,
Бәрін бірге санап қой. (15)
4. Нәрселерді санағанда
Керек ол бізге ауадай,
Айтыңдаршы бұл қандай сан,
Жан - жағына қарамай. (натурал сан)

5. Бұтақ орнында мың бір инесі,
Компьютер жаны мекені /Кактус/

6. Қоссаң сөйлеп тынымсыз,
Өшірсең тұрар ол үнсіз. /Колонка/

3-ойын. Кедергілерден жүгіріп өтіп, адасқан әріптерден математикалық термин сөздерді табу

1. ЛӘУСӘ

2. ДЕНІСКІ

3. ТИМАКАТЕМА

4. ЛУМАФРО

5. ЕҢУДЕТ

6. КӨЛДӨҢКЕ

V. «Арқан тартысы» ойыны.

Ойынның шарты: I топ II топпен жарысады, жеңілген топ III топпен тартысады, осылайша жеңген команданы анықтаймыз.

Сайыс соңында әділқазылар алқасы ұпай санын шығарып, қай жағы жеңгенін айтады.

Қорытынды сөз:

Құрметті ойынға қатысушылар және көрермендер! Осымен бүгінгі «**Көңілді старт**» атты спорттық сайысымыз аяқталды, осы сайыстан көп әсер алды деп ойлаймыз. Ойларыңыз толысып, математика саласында жетістікке жете беріңіздер. Зейін қойып, ойларыңызбен бөліскендеріңізге барлықтарыңызға көп рахмет. Сау болыңыздар!

2. 5-8 сыныптар арасында өткізілген Олимпиада. Жауапты: Серикова М.А. Әбіш Н.Н. Шулгауова С.Қ.

5-сыныптарға арналған олимпиадалық тапсырмалар

1. Әкесі 35 жаста, ал баласы 7 жаста. Баласының жасы әкесінің жасынан неше есе кіші? (1 балл)

2. Атаның жасы ең кіші үш таңбалы санмен көрсетілді. Сол үш таңбалы сан, өсу және кему ретін сақтамай, әртүрлі цифрмен көрсетілді. Атаның неше жаста? (1 балл)

3. Бірдей 5 шыны ыдысқа 15 л сүт құйды. Осындай 7 шыны ыдысқа неше литр сүт құюға болады? (1 балл)

4. Қалада түскі уақытта күн ашық тұрды. Егер ауа - райы үш күн бойы жауын - шашынсыз болатын болса, енді 36 сағат өткен соң, күннің көзі жарқырап, күн ашық тұрады болады деуге бола ма? (2 балл)

5. Ажар анасынан: Жасыңыз нешеде? - деп сұрады. Анасы: егер менің жасымды 15 - ке арттырса, шыққан санды екі есе кемітсе, маған 25 болар еді. Анасының жасы нешеде? (3 балл)

6. Қорапшада ақ, қара және қызыл түсті текшелер бар. Барлығы 50 текше. Қара текшеге қарағанда, ақ түсті 11 есе артық. Қызыл текше ақ текшеден аз, бірақ қара текшеден көп. Қызыл текшенің саны қанша? (4 балл)

7. Торай мен иттің салмағы 64 кг, қой мен торайдың салмағы да 64 кг - ға тең, ит пен қойдың салмағы – 60 кг. Торайдың салмағы қандай? (4 балл)

8. Қорада жайылып жүрген қаздар мен ешкілердің бастарының саны 8 - ге, ал

аяқтарының саны 26 - ға тең. Қорада неше қаз және қанша ешкі жайылып жүр.
(4 балл)

Жауаптары:

- | | |
|--------------|-----------------------------------|
| 1. 5 есе. | 4. түн болады, сондықтан |
| 2. 102 жаста | 5. анасы 35 жаста |
| 3. 21 литр | 6. ақ – 33, қара – 3, қызыл – 14. |
7. ит пен қойдың салмағы бірдей, сондықтан $60: 2 = 30$, әрбіреуін тауып алдық. $64 - 30 = 34$
торай 34.
8. 3 қаз, 5 ешкі., қаздың аяғы $3 \cdot 2 = 6$ аяқ, ешкі $5 \cdot 4 = 20$ аяқ. Барлығы: 26 аяқ.

6 сыныптардың мектеп ішілік олимпиада тапсырмалары

I-нұсқа





- Есептендер: $2^4 - 3^2 + 5^2 - 3^3$
- Мейрамханада 72 адам бар. Ер адамдардың әйелдер мен балаларға қатынасы 4:3:2. Мейрамханада қанша ер адам бар?
- Лаураның қорасында тауықтар мен қояндар бар. Егер қорада барлығы 8 бас және 22 аяқ болса, онда қоян мен тауық сандарын анықта.
- Есепте: $1 - \frac{1 - \frac{1}{2}}{2}$
- 6-сынып оқушылары сайлау өткізді. Ең көп дауыс жинаған кандидат жеңімпаз болып табылады. 4 кандидат жалпы 83 дауыс алды. Жеңімпаз ала алатын ең аз дауыс саны қанша?
- Жексенбі күні мейрамханаға күріш сатып алынды. Мейрамханаға күн сайын 120 кг күріш қолданды. 5 күннен кейін күріштің $\frac{1}{5}$ бөлігі қалды. Жексенбі күні қанша кг күріш сатып алынды?
- Майра Дамирден 3 жас үлкен, ал Қанаттан 5 жас кіші. Егер Дамир 12-де болса, Қанат неше жаста?
- Самал мен Маликаның жүгірген жолдарының қосындысы 29 км-ге тең. Егер Маликаның жүгірген жолы Самалдың жүгірген жолының екі есесінен 4 км аз болса, Самал қанша км жүгірді?

II-нұсқа

- Есептендер: $2^4 - 3^2 + 5^2 - 3^3$
- Мейрамханада 72 адам бар. Ер адамдардың әйелдер мен балаларға қатынасы 4:3:2. Мейрамханада қанша ер адам бар?

3. Лаураның қорасында тауықтар мен қояндар бар. Егер қорада барлығы 8 бас және 22 аяқ болса, онда қоян мен тауық сандарын анықта.
4. Есепте: $1 - \frac{1 - \frac{1}{2}}{2}$
5. 6-сынып оқушылары сайлау өткізді. Ең көп дауыс жинаған кандидат жеңімпаз болып табылады. 4 кандидат жалпы 83 дауыс алды. Жеңімпаз ала алатын ең аз дауыс саны қанша?
6. Жексенбі күні мейрамханаға күріш сатып алынды. Мейрамханаға күн сайын 120 кг күріш қолданды. 5 күннен кейін күріштің $\frac{1}{5}$ бөлігі қалды. Жексенбі күні қанша кг күріш сатып алынды?
7. Майра Дамирден 3 жас үлкен, ал Қанаттан 5 жас кіші. Егер Дамир 12-де болса, Қанат неше жаста?
8. Самал мен Маликаның жүгірген жолдарының қосындысы 29 км-ге тең. Егер Маликаның жүгірген жолы Самалдың жүгірген жолының екі есесінен 4 км аз болса, Самал қанша км жүгірді?

3. 9-10-11 сынып арасында өткізілген «Дарындылар дарасы» Жауапты: Шажабаева Ж.С. Ахатов А.Г.



4. 8 сыныптар арасында өткізілген «Вертуалдық квест» Жауапты: Сарымсақов А.Б. Нарчаев К.К.

Тақырыбы: Виртуальдық квест

Мақсаты: Білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Ұйымдастыру орны: 303-каб,

Барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен амандасу. Ойын ережесімен таныстыру.
Кабинетке кірген уақытта парактарды алады.

II. Кіріспе.

Таңдаған парактары бойынша пазлдарды жинау арқылы топтарға бөлінеді.
Ойын ережесі айтылады.

III. Негізгі бөлім.

Топтар **«Конверттегі тапсырмаларды»** орындау арқылы алғашқы кезең туралы біледі. Есептің жауабына сай кабинетті табу қажет. Сол кабинеттің есігінде келесі QR-код жасырынған.

1-топ: Киіз үй – көшпелілердің ең көне және сонымен бірге қазіргі заманғы баспанасы (22.4, а-сурет). Киіз үйлер әртүрлі мөлшерде болады. Периметрі 60,3 болса, керегенің (дөңгелек тік қабырға, 22.4-сурет) диаметрі неше см болады? ($\pi=3$)



а)



б)



в)

Рис. 22.4

2-топ: **Табак** — көшпелі халықтардың ас салынатын ыдысы, көбінесе дөңгелек пішінді келеді. (1-сурет). Киіз үйлер әртүрлі мөлшерде болады. Дөңгелек пішінді табактың периметрі 61,2 дм болса, диаметрі неше см болады? ($\pi=3$)



1-сурет.

«Баспалдақтар тапсырмалары» кезеңінде жоғары көтерілетін топ теңдеулерді шешеді, төменге түсетін топ Наурыз мейрамы бойынша сұрақтарға жауап береді.

QR-кодты теру арқылы Online.test.pad сайтына өтеді.

Шамалар станциясы. Оқушылар көзбен есептеу дағдыларын дамытады.

- | | | |
|----------------------------------|--------|------------|
| 1. 200 тг тиынның диаметрі? | 25мм | 20-30мм |
| 2. 4 қабатты үйдің биіктігі? | 16м | 12-20м |
| 3. Кәдімгі қарындаштың ұзындығы? | 17см | 15-20см |
| 4. Жаяу адамның жылдамдығы? | 5км/ч | 4-6км/ч |
| 5. Поездің жылдамдығы? | 60км/ч | 40-100км/ч |
| 6. Дәптердің салмағы? | 35г | 20-50г |
| 7. Кірпіштің салмағы? | 4кг | 2-5кг |
| 8. Торғайдың салмағы? | 60г | 30-100г |

9. Пілдің салмағы? 5т 2-7т
 10. адамның пульсі минутына неше рет соғады? 70-80 50-100
 Тестерді орындап болғасын соңында келесі кезең бойынша кабинет нөмірі шығады.

«Баспалдақтар тапсырмалары» кезеңінде жоғары көтерілетін топ теңдеулерді шешеді, төменге түсетін топ Наурыз мейрамы бойынша сұрақтарға жауап береді. топтар орындарымен алмасады.



Төменге түсу тапсырмалары:

1. Жұп санды үшке бөлгенде қалдық қандай болуы мүмкін.
Жауабы: 1 және 2
2. Үлкен ағасында 2кәмпит, ал інісінде 12 кәмпит бар. Үлкен ағасы інісінен неше кәмпитті алғанда, олардың кәмпиттерінің саны теңеледі? (5)
3. Тәуліктің қалған бөлігі өткен бөлігінен екі есе артық болса, қазір сағат неше? (8)
4. Төрт пен бестің арасында қандай таңба қойылғанда 4-тен артық, 5-тен кем сан шығады? (үтір)
5. Тоғайда 10 қарға отыр. Аңшы олардың екеуін атып алды, нешеуі қалды. (2)
6. Әсет пен Азатқа 5 тәтті тоқаштан әперді. Әсет өзінің тоқаштарын 6 минутта жеп қойды да, әр тоқашын 4 минутта жеп жатқан Азатқа қызғанышпен қарады. Әсет әлі неше минут Азатқа қызғанышпен қарайды? (14мин)
7. Аспанда бірнеше құс ұшып барады. Біреуі алдында, екеуі артында, біреуі артында, екеуі алдында, біреуі екеуінің ортасында. Барлығы неше құс ұшып барады? (3)
8. Егер 6 тонна алманы 3 кг-дық пакеттерге орау керек болса, қанша пакет қажет? (2000)

«Нөмірін тап» кезеңінде оқушылар есептерді шығара отырып, ватсап нөмірін анықтайды. Ватсап нөміріне жазу арқылы келесі тапсырма жіберіледі.

1. $\sqrt{64} =$
2. $2x = 14$
3. $\cos \cos 60^\circ * 14 =$
4. $1748-1000-747=$
5. $\sin \sin 45^\circ * \frac{2}{\sqrt{2}} + 4 =$
6. $tg45^\circ \times 6 =$
7. $\left(\frac{8}{21} + \frac{1}{3} - \frac{5}{7}\right) \times 21 + 6 + 2 =$
8. $\frac{\sin \sin 60^\circ}{\cos \cos 60^\circ} \times \sqrt{3} + 4 =$
9. $80\text{мм} = \text{см}$
10. $\frac{72}{13^2-11^2} \times 6 - 4 =$
11. $\frac{92^2-48^2}{27^2-17^2} - (14 - 7) + 2 =$


Геометриялық станция. Көлем және аудан формулаларын қолданады. Оқушылар есептерді шешіп, жауаптарының қосындысын табады.



Ойлан тап кезеңі. Анықтаған кодтарын теру арқылы ноутбуктерді ашады (2380).



Ноутбукте тұрған соңғы тапсырманы бірінші орындаған топ жеңіске жетеді.

<https://www.Learnis.ru/666073/IY>. Қорытынды бөлім. Жеңімпаздарды марапаттау Осымен іс-шарамыз соңына жетті.



Бірінші топ

Екінші топ



Баспалдақтардағы төменге түсу тапсырмалары:

1. Жүп санды үшке бөлгенде қалдық қандай болуы мүмкін.

Жауабы: 1 және 2

2. Үлкен ағасында 2кәмпит, ал інісінде 12 кәмпит бар. Үлкен ағасы інісінен неше кәмпитті алғанда, олардың кәмпиттерінің саны теңеледі? (5)

3. Тәуліктің қалған бөлігі өткен бөлігінен екі есе артық болса, қазір сағат неше? (8)

4. Төрт пен бестің арасында қандай таңба қойылғанда 4-тен артық, 5-тен кем сан шығады? (үтір)

5. Тоғайда 10 қарға отыр. Аңшы олардың екеуін атып алды, нешеуі қалды. (2)

6. Әсет пен Азатқа 5 тәтті тоқаштан әперді. Әсет өзінің тоқаштарын 6 минутта жеп қойды да, әр тоқашын 4 минутта жеп жатқан Азатқа қызғанышпен қарады. Әсет әлі неше минут Азатқа қызғанышпен қарайды? (14мин)

7. Аспанда бірнеше құс ұшып барады. Біреуі алдында, екеуі артында, біреуі артында, екеуі алдында, біреуі екеуінің ортасында. Барлығы неше құс ұшып барады? (3)
8. Егер 6 тонна алманы 3 кг-дық пакеттерге орау керек болса, қанша пакет қажет? (2000)

Баспалдақтардағы төменге түсу тапсырмалары:




1. Тәрелкедегі 7 бауырсақтан 7 балаға бір-бірден және тәрелкеде бір бауырсақ қалатындай етіп қалай бөліп беруге болады?
(6 балаға бір бауырсақтан бір бала бауырсақты тәрелкесімен алады)
2. Қандай санның жазылуында қанша әріп бар болса сонша цифр бар? (10 және 100)
3. Үш ағайындының жастарының қосындысы 44-ке тең. Үш жылдан кейін олардың жастарының қосындысы неше болатынын анықтаңыз. (53)
4. Екі санның қосындысы сегізге тең, айырмасы екіге тең, көбейтіндісі он беске тең. Олар қандай сандар? (5 пен 3)
5. Тәулік қай кезде қысқарак, қыста ма әлде жазда ма? (бірдей)
6. Мектепке келе жатқан 5 балаға қарсы жолда тағы 4 бала жолықты. Мектепке неше бала барды? (5 бала)
7. Сымбаттың 2 қуыршағы, 3 алмасы, 1 шоколады, 2 апельсині, 5 шабдалысы, 1 велосипеді бар. Сымбаттың қанша жемісі бар? (10)
8. Бір жанұяның бес ер баласы және олардың әрқайсысының қарындастары бар. Жанұяның қанша баласы бар?

- | | |
|--|--|
| 1. $\sqrt{64} =$ | 7. $\left(\frac{8}{21} + \frac{1}{3} - \frac{5}{7}\right) \times 21 + 6 - 2 =$ |
| 2. $2x = 14$ | 8. $\frac{\sin 60^\circ}{\cos 60^\circ} \times \sqrt{3} - 2 =$ |
| 3. $\cos \cos 60^\circ * 8 =$ | 9. $60\text{мм} = \text{ см}$ |
| 4. $1747 - 1000 - 740 =$ | 10. $\frac{72}{13^2 - 11^2} \times 6 - 8 =$ |
| 5. $\sin \sin 45^\circ * \frac{2}{\sqrt{2}} - 1 =$ | 11. $(14 - 7) * 0 =$ |
| 6. $\text{tg} 45^\circ \times 1 =$ | |

Есептерді шеште

WhatsApp-қа жаз

5. Мұғалімдер ұжымы "Lesson Study" сабақты зерттеу әдісі. Жауапты: Шулгауова С.Қ.



6. АКТ ЗАЛЫ Жабылуы 5-11 сынып оқушылары Сарымсақов А.Б. Шулгауова С.Қ. Әбіш Н.Н.

« Математика, физика, информатика» пәндер апталығының жабылуы.

1- жүргізуші

-Уа, халайық, халайық,
Бәріңе жар салайық.
Бүгінгі мектеп төрінде
Дарындылар елінде
Тапқыштардың тілінде,
Есеп шешіп, жарысып
Жұмбақ шешіп аңдысып
Ғылым тілін түсінер

2- жүргізуші

Шабьт тасып шалқысып,
Есеппенен ән салысып.
Көңілді күн жасайық
Жұмбақ шерді шашайық
Ат салысып аянбай
Бар өнерге басайық

Бүгінгі мектебімізде барлық ғылымдардың ішіндегі ең ауыр және ең қызық болып көрінетін үш егіз пәннің мектебіміздегі алыптарың ортаға шақырайық.

Информатика

Армысыңдар, жиналған
қауым!
Құтқарып ауыр бейнеттен
Техниканы үйреткен
Роботтай – адамды
Тіл бітіріп сөйлеткен
Компьютер емей немене
Білмегенді білдірген

Өлшеп киім кигізген

Барлық істі атқарып

Пайдасын елге тигізген

Компьютер емей немене!

Физика

Уа, халайық, халайық!

Бәріңе жар салайық!

Бүгін біздің мектепте

Физика елінде,

Физика тілінде,

Есеп шешіп жарысып,

Жұмбақ шешіп аңдысып...

Шабьттасып шалқысып,

Есеппен ән салысып.

Көңілді күн жасайық,

Жұмбақ шерді шашайық.
Ат салысып аянбай,
Бар өнерге басайық!

Математика

Ғылымдардың патшасы атанған,
Евклид, Фалес, Пифагордан бата
алған,
Төзбейтін өтірікке жалғандыққа!
Жасықтан емессің сен
каталдансың
Ақыл – ойды тәртіпке келтіретін
Нағыз пән математика атанғансың
Жас достар, Мұны жақсы ұғайық
Математика ғылымы
Құрметтеуге лайық
Дүниедегі құбылыстың мәніне
Табиғаттың, қозғалстың бәрінде
Мүмкін емес есептерсіз түсіну
Есебіңіз дүние кілті әлі де.

Ән.Отан 5Ә-сынып оқушысы.Сапабек Жансая орындады.

Қостанай қаласы №28 мектеп-гимназиясында 16.01.2023-26.01.2023жылы математика, информатика, физика әдістеме бірлестігі өткізген онкүндігінде жүргізілген жұмыстардың қорытындысы.

1. Информатика пәнінен 7«А» сыныбымен өткізілген ашық сабақ .
Тақырыбы: **«Практикум. файлдармен жұмыс»** - мұғалімі Шажабасева Ж.С



2. Алгебра пәнінен 9 «А» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: **«Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыш синусының, косинусының, тангенсінің және котангенсінің мәндері»**- мұғалімі Шұлғауова С.Ж.



3. Геометрия пәнінен 8 «А» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: **«Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары»**- мұғалімі Нарчаева К.К



4. Математика пәнінен 6 «Ә» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: «Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу»- мұғалімі Әбіш Н.Н.



5. Математика пәнінен 5«Ә» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: «Ондық бөлшектерді жәй бөлшектерге айналдыру»- мұғалімі Серикова М.А.



6. Физика пәнінен 7 «Ә» сыныбымен өткізілген ашық сабақ. Тақырыбы: «Сұйықтар мен газға қысым. Паскаль заңы»- мұғалімі Сарымсақов А.Б



Сыныптан тыс жұмыстар:


1. 7 сыныптар Әр бірлестіктер 1 мұғалім арасында «Кім жылдам» көңілді старт ойыны.. Жауапты: Серикова М.А.Әбіш Н.Н.



2. 5-8сыныртар арасында өткізілген Олимпиада. Жауапты: Серикова М.А. Әбіш Н.Н. Шулғауова С.Қ.



3. 9-10-11 сынып арасында өткізілген «Дарындылар дарасы» Жауапты : Шажабоева Ж.С.



4. 4. 8 сыныптар арасында өткізілген «Вертуалдық квест» Жауапты: Сарымсақов А.Б. Нарчаев К.К.



5. Мұғалімдер ұжымы "Lesson Study" сабақты зерттеу әдісі. Жауапты: Шулғауова С.Қ.



6. АКТ ЗАЛЫ Жабылуы 5-11 сынып оқушылары Сарымсақов А.Б.Шулғауова С.Қ. Әбіш Н.Н.





